

Карантинді тоқтату және Нұра ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 23 мамырдағы № 9 "Карантин белгілеу туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Ақтөбе облысы Үрғыз ауданы Нұра ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 4 тамыздағы № 12 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 11 тамызда № 5628 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабына сәйкес және Қазақстан Республикасы ауылшаруашылығы министрлігінің ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Үрғыз аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринарлық-санитарлық инспекторының м.а. 2017 жылғы 19 шілдедегі № 16-07/163 ұсынысы негізінде Нұра ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Нұра ауылдық округінің Байдалы мал қыстағындағы "Айбек" шаруа қожалығы аумағында мүйізді ірі қара мал арасында қарасан ауруын жою бойынша ветеринарлық-санитарлық іс-шаралар кешенінің орындалуына байланысты белгіленген карантин алынсын.

2. Үрғыз ауданы Нұра ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 23 мамырдағы № 9 "Карантин белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5511 тіркелген, 2017 жылдың 7 маусымда "Үрғыз" газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуына бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Нұра ауылдық округінің әкімі:

Ж.ТӨЛЕБАЙ